

Дамаск қаласында (Сирия Араб Республикасы) этномәдени орталығы мен әл-Фараби кесенесін салу, Сұлтан Бейбарыстың кесенесі мен Каир қаласындағы (Египет Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыстың мешітін қалпына келтіру және Дамаск қаласында (Сирия Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыс пен әл-Фарабиге монумент ескерткіштерін орнату жобаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 247-ө
Өкімі

Дамаск қаласында (Сирия Араб Республикасы) этномәдени орталығы мен әл-Фараби кесенесін салу, Сұлтан Бейбарыстың кесенесі мен Каир қаласындағы (Египет Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыстың мешітін қалпына келтіру және Дамаск қаласында (Сирия Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыс пен әл-Фарабиге монумент ескерткіштерін орнату жобаларын іске асыру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Дамаск қаласында (Сирия Араб Республикасы) этномәдени орталығы мен әл-Фараби кесенесін салу, Сұлтан Бейбарыстың кесенесі мен Каир қаласындағы (Египет Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыстың мешітін қалпына келтіру және Дамаск қаласында (Сирия Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыс пен әл-Фарабиге монумент ескерткіштерін орнату жобаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары Жоспарда көзделген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2006 жылғы 25 тамыздағы
N 247-ө өкімімен

бекітілген

*Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің 2008.01.22. N 8-ө Өкімімен.*

Дамаск қаласында (Сирия Араб Республикасы) этномәдени орталығы мен әл-Фараби кесенесін салу, Сұлтан Бейбарыстың кесенесі мен Каир қаласындағы (Египет Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыстың мешітін қалпына келтіру және Дамаск

**қаласында (Сирия Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыс пен
эл-Фарабиге монумент ескерткіштерін орнату жобаларын
іске асыру жөніндегі
іс-шаралар жоспары**

Р/с N №	Іс-шаралардың атауы	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі
1	2	3	4
1.	Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізу үшін Дамаск қаласында этномәдени орталығы мен эл-Фараби кесенесін салу, Сұлтан Бейбарыстың кесенесін қалпына келтіру жобаларының 2007 жылға арналған бюджет қаражатын қажет ететін қаржы-экономикалық, заңи және ұйымдастыру-техникалық аспектілерін егжей-тегжейлі зерделеу	МАМ (жинақтау) Э Б Ж М Қаржымині	2006 жылғы қыркүйек
2.	Жобалар құнының өзгеруін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы" және "Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы" қаулыларының жобаларын дайындау (жобаны іске асыруды бастау үшін)	МАМ (жинақтау) Э Б Ж М Әділетмині Қаржымині СІМ	2006 жылғы қыркүйек
3.	Дамаск қаласында этномәдени орталығы мен эл-Фараби кесенесін салу, Сұлтан Бейбарыстың кесенесі мен Каир қаласындағы Сұлтан Бейбарыстың мешітін қалпына келтіру және Дамаск қаласында Сұлтан Бейбарыс пен эл-Фарабиге монумент ескерткіштерін орнату жобаларын іске асыру бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қажетті шешімдерінің жобаларын жедел түрде келісуді және енгізуді қамтамасыз ету және контрагенттермен тұрақты жұмыс байланысында болу	МАМ (жинақтау) Э Б Ж М Қаржымині Әділетмині СІМ	2006 жылғы қыркүйек
4.	Жобаларды іске асыруды заңды түрде ресімдеу үшін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сирия Араб Республикасының және Египет Араб Республикасының үкіметтері арасында Өзара түсіністік туралы меморандум жасасу	МАМ (жинақтау) Әділетмині СІМ	2006 жылғы желтоқсан
5.	Дамаск қаласында Сұлтан Бейбарыс пен эл-Фарабиге монумент ескерткішін орнату жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу	МАМ (жинақтау) Э Б Ж М Әділетмині СІМ	2008 жылғы наурыз
6.	Каир қаласындағы Сұлтан Бейбарыстың мешітін қалпына келтіруге және Дамаск қаласындағы Сұлтан Бейбарыстың кесенесі мен кітапханасын қалпына келтіруге қазақстандық тараптың қатысу нысандары мен тетігін анықтау	МАМ (жинақтау) СІМ	2007 жылғы I тоқсан
7.	Этномәдени орталығы мен эл-Фарабидің кесенесін салудың ең үздік жобасына халықаралық конкурс өткізу	МАМ (жинақтау) СІМ	ҚР Үкіметінің қаулысы қабылданғаннан кейін

8.	Жобалар бойынша жұмыстар аяқталған жылды әл-Фараби жылы деп жариялау мүмкіндігі туралы мәселені пысықтау және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізу	МАМ (жинақтау) СІМ	2008 жылғы IV тоқсан
9.	Жұмысы әл-Фараби мен Сұлтан Бейбарыстың өмірі мен қызметін зерттеуге арналған әр түрлі халықаралық ақпараттық-мәдени және ғылыми-практикалық іс-шараларды (конференция, семинар, форум), оның ішінде Сириялық тараппен бірлесіп ұйымдастыру және оларға қатысу мүмкіндігі туралы мәселені пысықтау	МАМ (жинақтау) БҒМ СІМ	2008 жыл III тоқсан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ